

ISSN 2518-1483 (Online),
ISSN 2224-5227 (Print)

2018 • 1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

БАЯНДАМАЛАРЫ

ДОКЛАДЫ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

REPORTS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ЖУРНАЛ 1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН

ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 1944 г.

PUBLISHED SINCE 1944



Б а с р е д а к т о р ы
х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі **М.Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Адекенов С.М. проф., академик (Қазақстан) (бас ред. орынбасары)
Величкин В.И. проф., корр.-мүшесі (Ресей)
Вольдемар Вуйчик проф. (Польша)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Гордиенко А.И. проф., академик (Белорус)
Дука Г. проф., академик (Молдова)
Илолов М.И. проф., академик (Тәжікстан),
Леска Богуслава проф. (Польша),
Локшин В.Н. проф. чл.-корр. (Қазақстан)
Нараев В.Н. проф. (Ресей)
Неклюдов И.М. проф., академик (Украина)
Нур Изура Удзир проф. (Малайзия)
Перни Стефано проф. (Ұлыбритания)
Потапов В.А. проф. (Украина)
Прокопович Полина проф. (Ұлыбритания)
Омбаев А.М. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Өтелбаев М.О. проф., академик (Қазақстан)
Садыбеков М.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Сатаев М.И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Северский И.В. проф., академик (Қазақстан)
Сикорски Марек проф. (Польша)
Рамазанов Т.С. проф., академик (Қазақстан)
Такибаев Н.Ж. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Харин С.Н. проф., академик (Қазақстан)
Чечин Л.М. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Харун Парлар проф. (Германия)
Энджун Гао проф. (Қытай)
Эркебаев А.Э. проф., академик (Қырғыстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының баяндамалары»

ISSN 2518-1483 (Online),

ISSN 2224-5227 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қ.)
Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 01.06.2006 ж.
берілген №5540-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 500 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz>, reports-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2018

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г.А. Шадинова, Р.Т. Джаппарова, Г.Ш. Яхияева

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан
E-mail: Shadinova.G@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫРЫ (ОТБАСЫ)

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстандағы әйел құқықтарының әлеуметтік қыры қарастырылады. Өйткені Қазақстанның өсіп-өнуіне, демократиялық дәстүрлерді өмірге ендіруде, әр ортаның мәдениетінің қалыптасуына әйелдердің қосып отырған үлесі өте зор. Әйелдер ел мен ұрпақтың есеюіне тікелей ықпал етуде. Елдің егемендік деңгейі мен Қазақстанның тәуелсіздік тұғырының мекемдігі де әйелдердің белсенділігінен жан-жақты тәуелді. Әрбір жеке тұлғаның бойындағы адамгершілік қасиеттер ананың, яғни, әйелдің тәлім-тәрбиесінен бастау алады. Қазіргі демократия, нарық аясында, информациялық кеңістікте әйелдердің дәстүрлі мінез-құлқын қалай түсінуге болады немесе жаңа жағдайға оралымды іс-әрекеттердің тартымдылығын қалай сақтауға болады деген сауалдар қарастырылды. Ғасырлар бойы дәстүрлі мінез-құлықтар отбасында еркектерге, үлкендерге орай және бала тәрбиесі тұрғысынан анықталды. Бұл нормалар бүкіл адамзаттық сипатқа айналды. Ендігі бұл үлгілердің құндылығы әрқалай қабылдануда. Әйелдердің өзіндік іс-әрекеті, яғни азаматтық және қызметтік кәсіби ізденісі іргелі мақсатқа бағытталуда. Әйел еңбектің де, еркектің де жетекші күшіне айналуға, жұмыста өз кәмілеттілігін танытуда, кәсіби құзырлығын жетілдіруде, серіктестікке өздерінше бағыт ұстауда, сауда-саттықта өзіне деген сенімін арттыруда.

Түйін сөздер: әйел, жұмыс, тәуелсіздік, қоғам, Қазақстан, кәсіби мансап.

Отбасы - қоғамдық қатынастар мен процестердің алуан түрлі формалары біртұтас болып ұштасатын кешенді әлеуметтік құбылыс болып табылады. Сондықтан да әлеуметтік құбылыс бола отырып, ол адамзат өмір сүру жағдайына қарай құрылып, оның дәстүрлері мен әдеттері ғасыр өткен сайын жаңа сипатта көрініс береді. Отбасын әлеуметтану ғылымында былай деп көрсетеді «отбасы дегеніміз –тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ, оның жалпы белгілері – бөтен адаммен жыныстық байланыс орнату, туысқандық қатынастар жүйесі, адамның жеке-дара адамгершілік сапаларын қалыптастырып дамыту, белгілі бір экономикалық қызметті іске асыру». Яғни, адамзат отбасын құра отырып, сол шағын мемлекетке әлеуметтенеді, отбасылық құндылықтар қалыптастырады және әдет-ғұрып дәстүрлерін дамытады. Отбасының жоғарыда келтірілген анықтамасы бойынша, ол - отбасындағы қатынастар, отбасының құрылымы мен формасы тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ.

Қазақстандағы отбасы және мемлекеттің отбасы саясаты мәселелері дамыған елдерге тән жалпы әлемдік даму бағыты ретінде бүгінде республикамыз бастан өткеріп отырған даму кезеңінің де басты ерекшелігі ретінде айқындалады. Осыған байланысты, көптеген отбасыдағы проблемалар бүгін ғана туындап отырған жоқ, толымсыз отбасы, ажырасу, ерлі-зайыптылар жанжалы, сондай-ақ, жалғызбастылар проблемасы бұрын да болған, бірақ, оған жете мән берілмеген. Оған қоса, адамның өзінің жеке өміріне, некеге, сүйіспеншілікті мүдделерінің қанағаттандырылуына, рухани жақындыққа деген талабы да арта түскен. Некелік-отбасылық қатынас бүгінгі таңдағы аса маңызды қоғамдық-саяси мәселенің бірі. Отбасы – халықтың өсіп-өркендеуінде, өсіп келе жатқан ұрпақтар тәрбиесінде, ата-бабаларымыз мұра еткен саяси-әлеуметтік тәрбие мен мәдени құндылықтарды жеткізуде өте маңызды роль атқаратын қоғамның құрамдас бір бөлігі. Отбасының тіршілік әрекеті экономикада, саясатта және мәдениетте жүретін процестермен байланысып, саяси-әлеуметтік шынайлықпен астарласып жатыр [Назарбаев Н.Ә, 2012, 12 б.].

Қазақстан Президенті қашанда отбасы мен әйелдер жағдайын жақсарту мәселесіне баса көңіл бөліп келеді. Бұл орайда Елбасының: «...тәуелсіз Қазақстан әйелдерінің саяси және экономикалық мәртебесін арттыру – уақыт талабы, бұл мақсатқа жету менің ұдайы назарымда» (Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылы өткен Қазақстан әйелдерінің II форумында сөйлеген сөзінен) деген сөздерін залда отырып тыңдаған, газеттерде шыққан кезде қолдан қолға өткізіп оқыған қоғамның нәзік жанды бөлігі жақсы біледі. Ал Президент сөзінің өмірдегі көрінісі – сол жылдың 22 желтоқсанында өз Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияны құруы болды.

Мемлекет басшысы: әйелдер мен олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын жақсарту, елдің қоғамдық-саяси өміріне әйелдердің белсене араласуы және оларды шешім қабылдау деңгейіне жоғарылату, әйелдерді экономикалық ілгерілету және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою деп Ұлттық комиссия қызметінің төрт бағытын айқындап берген-ді. Соның негізінде Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту бойынша ұлттық іс-қимыл жоспары әзірленіп, соған орай Мемлекет басшысы айқындаған басымдықтар басшылыққа алынып келеді. Біз атқарылған жұмыстың бәрін бір мақала аясында жіпке тізгендей айтып шығуды мақсат етпедік, алайда, осы төрт бағыт бойынша жасалған қадау-қадау іс-шараларға тоқталып өткен жөн деп ойлаймыз [Қожамберлиев Б. 2004, 8 б.].

Әйелдер – теңдікке жетуге ұмтылатын, бірақ барлық уақытта қалып қоятын, қуып жетуге ұмтылушы жыныс деген пікір бар. Себебі әйелдердің жағдайы белгілі қиындықтармен тереңдетіледі. Біріншіден, әйелдер өздерінің кәсіби, өнімді рөлін, репродуктивті аналық рөлімен сиыстыруға мәжбүр. Көптеген елдерде тұрғындардың құрамында жас бойынша еркіндіктер, белгілі жас топтары ішінде әйелдердің немесе ерлердің басым болуы орын алған. Қазіргі уақытта, әсіресе, тұрғындардың еңбекке жарамсыз топтарында, әйелдердің басымдылығы байқалады. Үй еңбегін жыныс белгісі бойынша бөлу, қарауындағы жанды, балаларды күту әйелдердің иығына түсетін ауыр салмақ болуы дәстүрлі болып табылады. Осыдан барып мемлекет ақы төлемейтін және мойындамайтын зор жұмыс көлемі пайда болады. Жеке және қоғамдық өмірдегі ерлер мен әйелдердің рөліне қатысты тарихи қалыптасқан стереотиптерді тұрмыста, жұмыста және қоғамдық өмірде де байқауға болады.

Екінші мәселе – игіліктер мен ресурстардың ерлер мен әйелдер арасында теңдей бөлінуі маңызды саяси мақсат болып табылатындығы туралы жағдайды қоғамның қаншалықты қабылдайтындығы. Соңғы уақытта, негізгі идеясы, адам капиталын іске асыру мен пайдаланудағы теңсіздіктің тек әйелдер үшін ғана емес, сондай-ақ барлығы үшін де зиянды деген тұжырымның тиімділігі туралы көп айтылуда. Әйелге инвестиция салудан, соңында, барлығы да ұтады. Әйелдерге инвестиция салу оларға даму процестеріне неғұрлым толық қатысуға мүмкіндік береді.

Әйелге инвестиция салу неғұрлым жоғары экономикалық өсу мен дамуға алып келетіндігі анық. Мұндай тұжырымға салмақты дәлелдер келтіруге болады. Мысалы, Әлем банкінің есебінде дамуға гендерді енгізудің, егер Оңтүстік Азия, Жақын Шығыс және Африка елдері, гендерлік үзілісті Шығыс Азия елдерінің 1967-1992 жылдардағы қарқынымен жоятын болса, онда олардың тұрғындардың жан басына шаққандағы табысының жыл сайын 0,5-1 процентке қосымша өсе алатындығын көрсетеді. Гендерлік теңсіздікке қатысты айта кететін мәселе – жұмыспен қамту саласындағы гендерлік айырмашылық. Әйелдердің жағдайын жақсарту мәселесі бойынша бірқатар оңтайлы жылжулардың болуына қарамастан, барлық елдердегі заңдылық нормалары еңбек пен жұмыспен қамту саласы, жалақы деңгейі бойынша әйелдер және ерлердің құқықтарын жүзеге асыруда бірдей мүмкіндіктерді қамтамасыз етпейді. Әйелдерді жасырын айқын кемсітушілік орын алған. Бұған дәлел ретінде әйелдердің отбасы мен қоғамдағы бағынушылығы және теңсіздігін, шешім қабылдаудағы олардың шектеулілігі, әлеуметтік күтулер мен жеке рөлінің төмен деңгейін көрсететін шығыс ментелитетін алуға болады. Еңбек нарығындағы әйелдердің әлжуаздық дәрежесін белгілі дәрежеде ерлер мен әйелдердің жұмыспен қамтылу деңгейін салыстырғанда байқауға болады. Мұндай теңсіздік әлемнің неғұрлым дамыған аймағы болып табылатын Еуропаның өзінде де орын алған [Жарқымбаева Д. 2004, 3 б.].

Гендер түсінігі соңғы кезде елімізде ерекше жиі қолданысқа еніп, елеулі мәселеге айналып келеді. Гендер түсінігі қоғамдағы әйел мен ердің арасындағы олардың әрқайсысының әлеуметтік орнын анықтауға бағытталған ғылыми бағыт. Гендер өз бастауын феминизмнен алады. Феминизм

батыс елдеріндегі әйелдердің өз саяси құқығын қорғаудан басталып, «эмансипацияға» (биоэлеметтік теңдікке жету) одан әрі қарай гендерге ұласты. Қазір оның мағынасы кеңейе түсіп отыр. Оған әкелген жол «әйел» мен «ер» түсініктерінің әлеуметтік кеңістіктерінің кеңеюінен. Бүгінгі күні олардың ара қатынасының ерекше түрлерінің пайда болуы. Және табиғи түрлерінен (гермофродиттер) ғана емес, транссексуалдардың қоғамдағы өз орнын анықтауға жол ашу, құқықтарының қорғалуына күрес жүргізу. Гендерге осының барлығын енгізіп, кең ауқымды қарастыру мәселесі шет елдерден бастау алады [Масалимова Д. 2005, С.12].

Гендерлік мінез-құлық белгілі бір мәдениеттегі жыныстың әрқайсысына тән міндетті нормалар мен бағалаудан құралады. Ал екінші жағынан, өмір сүру жағдайы, түрлі әлеуметтік топқа кіруіне, білім дәрежесіне, ұлттық ерекшеліктеріне байланысты жыныстың санқырлылығы да ұшырасады.

Соңғы ғасырларда қазақтар, орыстар және ағылшындар сол бұрынғысынша әйелді сыртқы келбетіне қарап бағалап келді, оларды сұлулық, тартымдылық, нәзіктік, мейірімділік, қылықтылық, баурап алушылық, т.б. сияқты әйелге таңылған стереотиптік қасиеттер арқылы ғана сипаттады. Гендерлік лингвистика мәселелерін бірнеше тілдегі көрінісі аясында зерттеген Д.Масалимова бұларға қоса орыс қоғамында әйелге тән еңбекқорлық, шаруаға икемділік, қарапайымдылық, ал қазақ қоғамында әйел адалдығы, қыз абыройы тәрізді қасиеттерді атап көрсетеді де, қазіргі ағылшын әдебиетінде олардың тіпті кездеспейтінін айтады [Масалимова Д. 2005, С.14].

Көшпелі қоғамда әйел тек қарапайым үйдің ғана емес, көшіп-қонатын, қайта жығылып, қайта тігілетін шаңырақтың сақтаушысы болды. Оның дүниені қабылдауы жалаң тіршілік кешумен ғана емес, өзіндік сана-сезіммен, ең бастысы табиғилықпен астасып жатыр. Осымен байланысты қазақ әйелдері ерлеріне ежелден құрметпен қарайды, алайда ол құлдық санадағы табынушылыққа жатпайды. Оны төмендегі көркем мәтіндер арқылы дәйектеуге болады: Еркек пен әйел теңдігіне соңғы екі ғасыр өте көп зерттеулер жасалуда, тіпті осы зерттеулердің нәтижесінде көптеген құрылымдар пайда болып, ғасырлар бойы әділетсіздіктің нышаны болған Батыс әйелдері бүгінде еркектерінен де асып түсті. Қоғамның қай саласына қарасаңызда әйелдердің еркектерменен бәсекелестігін көру әбден мүмкін. Тіпті статистикалық деректерге сүйенер болсақ кей жағдайларда еркектердің жұмыс орындарын әйелдер тартып алған делінеді. Феминисттер өз бостандығына қауышу үшін әйелдіктен айрылып орасан қымбат бедел төледі. Жылына бір рет қана әйелдіктерін еске алатын мейрам күні менен шектеліп қалды Батыс әйелі. Басқа уақыттың бәрінде ол еркектен де үстем бір қоғам мүшесіне айналды. Қазіргі таңда “Өмір – бәріне ортақ, еркек те әйел де тең” деген сияқты сөздер айтылып әйелдерге зұлымдық жасалуда. Ең ауыр, ең төмен жұмыстарда да әйелдер жүреді. Әйел үшін ең бір керемет сезімнің бірі баланы дүниеге әкеліп оны мейіріммен емізу, оның тәрбиесімінен айналысу босқа уақыт жоғалтуға теңестіріліп, ол сәбидің де анасыменен болу хұқығына қиянат жасап отырғанын ешкім ескермейді [Боғдабайұлы Шәдетхан 2001, 3 б.].

Әйел мен еркекті салыстырып, «Әйел баланы дүниеге әкеледі, еркек әкелмейді, бұл теңдік емес» дегендей қорытынды шығару әбестік. Аллаһ Тағала әйел мен еркекті әртүрлі іс үшін жаратқан. Физикалық тұрғыдан екеуі бір-біріне ұқсамайды. Бір-біріне ұқсамайтын екі нәрсе бір-бірімен салыстырылмайды.

Дініміз әйелге қатты қадір берген, еркекке көп жауапкершілік жүктеген. Қазіргі заманда да әлемнің көптеген жерлерінде әйелдерге қорлық көрсетілуде. Кеше ғана өткен кеңестік дәуірде әйелдерге зұлымдық етілді, күштеп колхоз, совхоздарда еркектер сияқты ең ауыр жұмыстарда, еркек басшылардың қысымының астында арзымаған ақшаға күштеп жұмыс істетілді.

Исламдағы әйел затының мәртебесі туралы мұсылмандық сенім ғылымында (калам) көптеген ізгі көзқарастар бар. Атақты имам Матуриди пайғамбарлар тек қана еркек нәсілінен келеді, сондай-ақ, халиф, әкім, әмірші, қолбасы әйел затынан болмауы тиіс дегенмен, бірақ, әйел адам муфти бола алады деген болатын. Ал, ахлу сунна сенімінің келесі бір ірі өкілі имам Әшаридің пікірінше пайғамбарлар әйел затынан келген деп білді. Ол бұл пікіріне: «Біз Мұсаның анасына уахи еттік» (Таһа, 20/38). Сонымен бірге, имам Әшаридің пікірінше, әйел адам муфти, әкім және дін уағызшысы бола алады. Себебі, әмр бил-мағруф уа нахи анил-мүнкер (жақсылыққа бастау, жаманшылықтан қашыру) олардың да парызы саналады. Имам Әшари осы пікірінің негізінде Мәрием, Асия, Сара, Хажар, Хабба және Мұсаның анасын пайғамбар болуы ықтимал деп пайымдады.

Исламға дейінгі араб қоғамындағы тұрпайы әдеттердің бірі, тайпалық дәстүр бойынша шеше, әйел, қыз, сәбилер мирас ала алмайтын. Тек соғысуға жарайтын ер адам ғана мирас алатын. Осыдан араб қоғамында дүние-мүліктің ұрпақтан ұрпаққа қалдырылуы үнемі келіспеушіліктерді, ренішті тудыратын. Ал, мұсылман құқығы бойынша отбасының барлық мүшелері, яғни, ұл-қызы болсын белгілі мөлшерде мұрадан пай ала алды. Бұл туралы Құранның Ниса сүресінің 5-6 аттарында баяндалады» [Исахан Мұхан 2010, 7 б.].

Исламға дейінгі араб қоғамындағы тағылық әдеттердің бірі, қайтыс болған адамның жесірін де, қайтыс болған адамның ағасы немесе інісі мұра ретінде қарап, оған зорлықпен үйленетін. Ал, мұсылман құқығы әйелдің еркі болмаса, зорлықпен әменгерлікке алуға тыйым салды. Бұл туралы Құранда былай айтылады: «Әй мүміндер! Сендер үшін әйелдерге зорлықпен мұрагер болуларын халал емес...» (Ниса 4/19) [Құран Кәрім 1991, 332 б.].

Мұсылман құқығы бойынша мұра алам деп бір-бірін өлтіргендерге мұрадан пай берілмеді. Бұл туралы Пайғамбарымыз (с.а.у): «Өлтірген адамға мұрадан пай жоқ» деген болатын. Сонымен қатар, мұсылман құқығында некесіз туылған балалар мұрагерлік құқығына ие бола алмады.

Осылайша Исламға дейін әйел затын құмарға қандырушы бір сәттік ләззатқа балаған араб қоғамына Ислам түбегейлі өзгерістер әкелді. Исламның келуімен ескі тағылық, тұрпайы іс-әрекеттердің бәріне тыйым салынып, жеңіл жүріс пен көңіл көтеру, зина секілді азғынданудан ада, пәк, белгілі бір тәртіпке бағынған абыройлы отбасылар пайда болды.

Ислам дінінде әйелдің еркекке ұқсауына, еркектің әйелге ұқсауына қатаң тыйым салынған. Әйеліне сыртта жұмыс істетіп, өздері масыл боп үйде бос жатқан еркектерді пайғамбарымыз өз хадисінде қатаң сөккен. Бір мемлекетте екі президент, бір көлікте екі жүргізуші болмайтыны секілді кіші мемлекет отбасында да бір ғана басшы болуға тиіс. Әйтпегенде, үйдің берекесі қашады.

Қазақстанға келсек, гендерді әйелдердің әлеуметтік рөлінің шектелуіне наразылық танытудан бастап, оларға барлық салаларда еңбек етуге жол ашуға, белсенділік көрсетіп, әр түрлі ұйымдарға бірігіп саяси білім мен билікке ұмтылып, белсенді іс-әрекет жасауға ықпал ету. Бұл іс ешбір кедергісіз іске асырылып жатыр деуге болады. Өйткені, қалай болғанда да, исламмен енген теңсіздік кеңес кезеңінде жойыла бастап, мемлекеттің Негізгі Заңы – Конституцияда әйел мен ердің әлеуметтік және саяси теңдігі ресми түрде бекітілген. Бұны қоғамның екі тобы да анық біледі. Сондықтан, гендерлік мәселе деп әйелдің теңдігі жоқ, не болмаса, зорлық бар деп күреске шақыру, менің ойымша орынсыз. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында мұсылмандық дін ерте еніп, сенім ретінде негізделіп қалуына байланысты, осы жерлерде «гендерлік мәселе» бар деп санау да артық [Жұмамұрат Шәмші 2011, 5 б.].

Екі жыныс өкілдерінің қоғамда өзіндік міндеттері бар. Мәселен, еркек қанша тырысса да әйелдер секілді дүниеге бала әкеле алмайды. Өйткені, тоғыз ай қабырғасы қайысып құрсақ көтерудегі сабырлылық, толғақ кезіндегі өліммен арпалысқан қайсарлылық — тек әйелдердің ғана қолынан келетін ерлік. Бала тәрбиесінде де әйелдегі мейірімділік пен ептілікті ер адам көрсете алмайды. Еркектер әйелдерге қарағанда дене бітімі жағынан ірілеу әрі күштілеу келеді. Жауға қарсы шауып, елді қорғау секілді ауыр жұмыстарды ер кісіге жүктеледі. Әлемдегі екі жүз мемлекет болса, солардың ішіндегі Германия, Үндістан және Қырғызстан елін әйел қалғандарын ер кісілер басқарады. Осының өзі табиғи көрсеткіш. Гендерлік саясат пен әйел теңдігін желеулеткен батыста бүгінде бала саны мүлдем аз. Тіпті, Парламент деңгейінде талқыға түсіп, оны көбейтудің жолдары қарастыруда.

Қазақтардың гендерлік санасы қазіргі заманға сай келетін «адами универсализмінде». Универсализм дегеніміз ерлердің қабілет, істерін, мүмкіндіктерін, мінез ерекшеліктерін әйелдердің қабілет, істерінің, мүмкіндіктерін, мінезін жекелеп айырып қарастырмай, «адами ортақтыққа» жету. Әйел істейтін істі ерлер істей алмайды, не болмаса ер адам істегенді әйел орындай алмайды демейік. Ер адам болсын әйел адам болсын қабілетіне қарай, жеке қасиетіне қарай даралануы керек. Оның табиғи орнынан гөрі әлеуметтік орны айқындалу тек қоғамға байланысты емес, адамның өзіне де байланысты. Қоғам өзінің әр мүшесін әйел деп, ер деп бөлмей адам болып даралануына барлық жағдай жасау керек. Ал ұлдарымыз бен қыздарымыз өз мүмкіндіктерін дамытуға, қоғамның дамуына үлесін қосуға тырысуы арқылы адами универсалдылыққа жетуге ұмтылуы тиіс [Соловьева Айгүл 2011, 8 б.].

Халықаралық аренада әйелдердің саяси көшбасшылығы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Қоғам мен мемлекет тарапынан да нәзік жандылардың іскерлік белсенділіктері мен саяси ықпалдастықтарына деген сенім жоғары деңгейде көрініс табуда.

Тәуелсіздік алғанымызға 20 жылдан астам уақыт болса да еліміздің жаһандық саясатта шеберлік танытып, халық пен ел абыройын еселеуде көптеген жерлерде жеңіске жетіп, үлгі-өнеге көрсетіп жүргенін дөңгеленген дүниенің барлық сырынан хабардар мемлекеттер жақсы біледі. Сондықтан да әлем елдерінің алдындағы оң саяси имиджімізді бұдан да мықтырақ ету үшін демократиялық қағидаттарға негізделген гендерлік саясаттың арнасын кеңейтуіміз керек.

Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың негізгі принциптері ерлер мен әйелдер үшін Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдендірілген тең құқықты және бостандықты орнатады. Гендерлік теңдік саясатының алға жылжуы үшін әйелдерге саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге араласу қажет.

Демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекетті бекітуде қазақстан әйелдерінің рөлі ерекше. «Әке баласын тәрбиелейді, шеше ұлтты тәрбиелейді» деген қазақ мақалы бекер айтылмаған. Қазақстанда демографиялық өсімді қамтамасыз етуде әйелдердің үлесіне баға жетпейді, себебі, балалардың туылуы, олардың тәрбиесі нәзік әйелдердің мойнында [Умралиева Ж. 2013, 5 б.].

Сонымен қатар олар өмірлік маңызды салаларда еңбек етеді, мемлекеттік басқару жүйесінің көп бөлігі солардың еншісінде. Әйел отбасы құндылықтарының мүддесін қорғайды. Күнделікті және байқалмайтын отбасы туралы қамқорлық, өз жанұясы үшін жан жайлылығын жасау, жайлы жағдай және амандық – бұлардың барлығы әрбір әйел үшін абзал міндет.

Алайда бұл әйелдің «шауып келе жатқан атты да тоқтатады, жанып жатқан үйге де енеді» дегенді білдірмейді, ең алдымен, ол – бүгінгі күні ескірген түсінікті өзгертетін және ерлермен тең дәрежеде өз мақсаттарына лайықты қол жеткізуші адамзаттың тамаша жартысы.

Біздің елімізде гендерлік саясаттың міндеттеріне төмендегілер жатады: билік құрылымына әйелдер мен ерлердің тең қатысуы, экономикалық тәуелсіздік үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабымен көтерілу, отбасындағы тең құқықтар мен міндеттер үшін талаптар құру, жыныс белгілері бойынша күштеу бостандығы, біздің қоғамымыздың дамуында әйелдердің рөлін бұдан әрі дамыту үшін жана мүмкіндіктер ашатын шешімдер және біздің мемлекетіміздің гендерлік саясаты, сонымен қатар, онымен байланысты отбасы, әйелдер және балалар, әйелдердің жаңа ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі мәселелері бойынша құқықтық база соның дәлелі.

Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу жатқызылады [Соловьева Айгүл 2011, 9 б.].

Уақыт өткен сайын қарапайым ғана шындықты қоғамға мойындату қиынға соғып барады. Өйткені, әлемді билеуші күштер дүниежүзілік соғыстарын тоқтатқан соң, ой майданында жаңа соғыс бастады. Осының бірі отбасының табиғи тепе-теңігін, тыныштығын бұзуға бағытталған гендерлік саясат. Әйел теңдігі мәселесін қанша даурықтырғанмен, шындап келгенде, жаратылыс тұрғысынан әйел мен еркек тең емес. Әрқайсысы өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Егер бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ өзара тең жаратылыс болғанда, Алла тағала еркек-әйел етіп бөліп жатпай, бәрін біркелкі әйел немесе еркек етіп жаратар еді ғой. Еркек пен әйел үнемі табиғатындағы өздеріне тән ерекшеліктерімен екеуі бірін-бірі толықтырып отырады. Қазақ «Екі жарты бір бүтін» дегені рас. Әйел денедегі жүрек болса, еркек сол денедегі ақыл іспеттес. Жүректі ақылдан немесе ақыл жүректен артық деп айту мүмкін емес. Екеуі өз міндеттерін атқарған кезде ғана дене дұрыс қызметін жалғастыра алады. Сондықтан, әйел еркектен жоғары немесе төмендеу, жалпы алғанда дұрыс айтылған сөз емес.

Екі жыныс өкілдерінің қоғамда өзіндік міндеттері бар. Мәселен, еркек қанша тырысса да әйелдер секілді дүниеге бала әкеле алмайды. Өйткені, тоғыз ай қабырғасы қайысып құрсақ көтерудегі сабырлылық, толғақ кезіндегі өліммен арпалысқан қайсарлық — тек әйелдердің ғана қолынан келетін ерлік. Бала тәрбиесінде де әйелдегі мейірімділік пен ептілікті ер адам көрсете алмайды. Еркектер әйелдерге қарағанда дене бітімі жағынан ірілеу әрі күштілеу келеді. Жауға қарсы шауып, елді қорғау секілді ауыр жұмыстарды ер кісіге жүктеледі. Әлемдегі екі жүз мемлекет болса, солардың ішіндегі Германия, Үндістан және Қырғызстан елін әйел қалғандарын ер кісілер басқарады. Осының өзі табиғи көрсеткіш. Гендерлік саясат пен әйел теңдігін желеулеткен батыста бүгінде бала саны мүлдем аз. Тіпті, Парламент деңгейінде талқыға түсіп, оны көбейтудің жолдары қарастыруда.

Әйел қауымы бірінші кезекте өмірге ұрпақ әкеліп, оны жақсылап тәрбиелеп, өсіріп, қоғамға қосар болса, еліміздің қарыштап дамуына одан артық қосатын үлкен үлес жоқ. Ұлт мәселесін былай қойғанда, әйелдің өмірдегі ең зор бақыты да байлығы да бала болса, ондай бақыттан қашу ақылға сыйымсыз.

Соңғы жүз жылдықта әлемдік деңгейде жыныс мәселесіне қызығушылық байқалады деп айтуға болады. Аталған мәселе өнерде, ғылымда, қоғамдық өмірде бұрын-соңды болмаған дәрежеде көтеріле бастады. Қоғам субъектілері ретінде еркек пен әйелді қабылдауда бірнеше көзқарас бар. Шығыс даналығы болмыстың бүтіндігі ретінде Инь мен Янның (әйелдік және еркектік бастау) бірлігін атап көрсетеді. Олар бинарлы, яғни мәдениеттегі Инь немесе Янның рөліне басымдылық беру тіршілік негізін бұрмалайды деп түсініледі. Осы екі бастау табиғатта да, мәдениетте де бір-бірін толықтырады.

Гендерлік саясат қайдан шықты? Батыста XIX ғасырдың орта шеніне дейін әйелді адам құрлы көрмеген. Өйткені, өз діндеріндегі сенім бойынша Адам атаға тыйым салған жемісті жегізіп, бүкіл адам баласын жұмақтан шығарған. Олардың жер бетіндегі барша күнәларына себепкер Хауа ана болғандықтан батыстағылар әйелдерін лағынеттеп, оларды жек көрген. Міне, осы қорлыққа намыстанғандықтан, еркектердің алдында тұқырмаудың жолын қарастырды. Содан кейін барып «феминизм», «гендерлік саясат» деген ұғымдарды шығарған. Ал, бізге оның түкке де керектігі жоқ еді. Біз әрдайым әйел баласын, ананы қадір тұтып, құрметтей білген елміз. Батыс мұның зардабын тартудай-ақ тартып отыр. «Менің еркектен қай жерім кем, өзімді-өзім асырай аламын, еркектің маған қажеті шамалы, ғылым дамыған заманда еркексіз-ақ балалы бола аламын» деп жүрген әйелдер де кездеседі. Мұндай әйелдердің күйеуіне бағынбасы айдан анық. Бағыну былай тұрсын, тәуелді болмаймын деп дала кезеді. Жұмысбасты болып, үйдің тірлігінен қол үзеді. Ондай отбасылар көбіне ажырасып тынады. Кешке жұмыстан шаршап келгенде алдынан күлімдеп әйелі, еркелеп бала-шағасы шықпаған отбасында қандай береке болсын?! Ислам дінінде әйелдің еркекке ұқсауына, ал еркектің әйелге ұқсауына қатаң тыйым салынған. Ұлы Жаратушының алдында пенде баласы еркек немесе әйел болғандығымен, байлық, мансабымен емес, иманының деңгейімен өлшенбек. Олай болса оларға Жаратушы тарапынан асқан хикметпен берілген асыл міндеттердің қаншалықты атқарылғандығы да сұралмай қалмақ емес.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Сендердің ең ізгілерің - әйелдеріңе жақсы мінезде болғандарың» десе, басқа бір хадисінде «Арттарында қалған күйеуі өзінен разы болған күйде жан тапсырған әйелдің барар жері - жұмақ» деп, өзара рухани түсіністікке, теңдікке шақырған [Сахих аль-Бухари. 2001, С.247].

Парламентте, атқарушы органдардың басшылық қызметтерінде, министрлікте 50 пайыз әйелдер болуы керек деген мүлде дұрыс емес. Бұл оларды бөлек жаратылыс сияқты қабылдап, биліктегі құрамын қолдан жасау болып табылады. Гендерлік саясат егер әйелден еркек жасауды көздейтін болса оған Ислам діні қарсы. Ал әрбіріне қабілет-қарымына, мүмкіншілігіне қарай жауапкершіліктер жүктелсе неге атқармасқа?! Бірақ пайыз қуушылық жақсы нәтиже бермек емес.

Қазақтың көшпелі дәуірінде қыздарды, әйелдерді жоғары бағалаған. «Олар-өмір-өмірдің сәні мен салтанаты, ер адамдардың ақылшысы, балалардың тәрбиешісі» деп қараған. Әйел туралы сөз қозғау әрі оңай, әрі қиын. Әйел ибалы қыз, инабатты келін, қарындас, ана, апа, әже. Тоғыз ай, он күн толғатып, «тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібітіп» әйел бүкіл адамзатқа өмір сыйлайды. Ата-бабаларымыз да әйелді құрмет тұтқан. Содан да болса керек, ұрпақ тәрбиесін әйел-анаға жүктеген. Ерте кездегі аналарымыздай ерін пір тұтып, ибалы қыз, иманды ұл тәрбиелеп отырған

әйелдер күн өткен сайын азайып түскені ащы да болса шындық. Бұған кінәні тек әйелдерден ғана іздемей, еркектердің де жауапкершілік міндетін жоғалта бастағаны деп қарасақ қателеспейтін шығармыз? Соңғы жылдары еліміз батыстық үлгідегі гендерлік саясатты пайдаланып, қыз-келіншектердің құқығын қорғап, олардың қоғамдағы рөлін көтеру ісімен мемлекеттік деңгейде айналыса бастады. Осының нәтижесінде елімізде гендерлік саясат сәтті орындалып, билік тізгінін ұстаған қыз-келіншектердің саны арта түскені жасырын емес. Ал біз өмір сүріп отырған заманда әйелдердің қоғамдағы орны қандай [Сұлтанбаева Г. 2002, 7 б.]?

Жалпы адам қоғамдық жұмыста өзін еркін сезіну үшін оның арқасүйер отбасы болуы керек. Әйел жалғыз болса, еркін жұмыс істей алмайды. Себебі оның артында қолдайтын ешкімі жоқ. Отбасылы әйел өзін еркін сезініп, жақсы басшы бола алады. Жақсы әйел билік басында жұмыс істеп отырған кезде бала тууды, отбасын құруды ұмытпайды. Жалпы, «әйел теңдігі» мәселесі деп қанша пікір айтылғанмен, шындығында келгенде жаратылыс тұрғысынан әйел мен еркек тең емес. Әрқайсысы өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Алдыңғы қатарлы елге ұмтылған қоғамда гендерлік теңсіздік және теңдік мәселесі де «ұлттық идеяны» айқындаушы факторлар қатарында. Қазақ қоғамы үшін қолдау тауып та, сыналып та жатқан кереғар пікірлердің алмағайып түсуіне ықпал етіп отырған мәселе – осы. Әйелдер мәселесі тарихи жағынан алғанда да, бүгінгі шынайы уақыт шеңберінен алғанда да бұқаралық санаға әсер ететін, қоғам дамуына да ықпалды көпшілік құбылыстар қатарында. Қазақ қоғамы үшін гендерлік саясат мәселесі ұлттың менталитетіне, елдік сананың ерекшеліктеріне қарай күштеп, таңып енгізу артық. Әрине, шығыс елі, сондай-ақ халқының басым бөлігі мұсылмандар саналатын Қазақстанда гендерлік саясат батыста дамыған, оларды мынадай үлгісі бар деп толықтай соны көшіруге, не еліктеуге мүлдем болмайды.

Қазақстанда қазіргі кезде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси өзгерістер көптеген қоғамдық мәселелерді қайта қарауды қажет етеді. Солардың ішінде ең өзектісі гендер мәселесі. Қазақстанның нарықтық экономикалық қатынасқа өтуі еңбектің гендерлік бөлінісіндегі қайшылықты шиеленістіріп жіберді. Еңбектің гендерлік бөлінісі дегеніміз қызмет түрлерінің адамдардың жыныстық белгілеріне байланысты бөлінуі. Осындай бөлінудің нәтижесінде «әйелдік және еркектік еңбек нарқы» деген ұғым пайда болды. Нарықтық экономиканың қатаң бәсеке жағдайында «еркектік еңбек нарқы» жоғары немесе бірінші статуска ие болып отыр. Яғни, жоғары еңбек ақы, қызметте өсу мүмкіндігі, кәсіби деңгейін жетілдіру, өзінің қабілеттерін толығырақ пайдалану, тұлға ретінде өзін жүзеге асыра алу мүмкіндіктеріне ер адамның қолының жету деңгейі әйелмен салыстырғанда әлде қайда жоғары болып отыр. Осыдан барып, қазіргі әлем бейнесіне әйел факторы белсенді кірісіп, қазіргі өркениет негіздерін қайта қарауды талап етуде. Қазақстанның Еуропа мен Азияның ортасындағы географиялық-саяси жағдайына байланысты осы екі жақтың да ықпалына басқа Орталық Азия елдерінен көрі қаттырақ ұшырайтыны анық. Осындай жағдайда өзіндігінді, өзгешелегінді сақтау үшін де, көптеген мәселелерге, соның ішінде гендер мәселесіне байланысты қазақ халқының дәстүрлі құндылықтар жүйесін, еркек пен әйелдің қоғамдағы орны мен рөлі туралы түсініктер жүйесінің эволюциясын, гендерлік қатынастарға қатысты халықтың тарихи тәжірибесін зерттеу қажет.

Сонымен қазақ тарихында, ұлт мәдениетінде, салтында, дәстүрінде әйел адамның, қыз баланың қоғамдағы орны ең алдымен отбасындағы орнымен қадірлі саналған. Сол үшін де әйелдерді жаппай гендерлік саясатқа таңып үлкен саясатқа, мемлекеттік қызметке не қаржы, өндіріс, коммерция т.б. салаларында да алатын орны мен абырой ерекше. Дегенмен дамыған демократиялық елдердің құндылықтары, атап айтқанда әйелдерге қатысты саясатына еліктеуден гөрі, өзімізге жақын ұлттық саяси ұстаным, өте білікті де аса нәзік саясат дұрыс деп санаймын. Яғни әйел адам қоғамымыз үшін болашақ ұрпақты жалғастырушы ана, мемлекет өміріндегі жауапты қызметкер, отбасындағы аяулы жар екендігін біз ешқашан науқандық саясатқа айналдырмауымыз қажет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев Н.Ә. (2012). Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың - Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Жолдауы // Казахстанская правда. 12 б.

[2] Қожамберлиев Б. (2004). Дәстүрлі қазақ қоғамының рухани және әлеуметтік болмысы // Қазақстан жоғары мектебі. № 3. 8 б.

- [3] Жаркымбаева Д. (2009). Қазақтардың гендерлік санасы жөнінде// Егеменді Қазақстан. Алматы, - 3-4 бб.
- [4] Масалимова Д. (2005). Когнитивно-прагматическое описание гармонии и дисгармонии речевого общения: Автореферат канд. фил. наук. Алматы. 28 с.
- [5] Шәдетхан Боғдабайұлы. (2011). Әйел қауымының исламдағы орны және әдебі // Жас Қазақ Үні. №3. Алматы. 3-4 бб.
- [6] Мұхан Исахан. (2010). Әйел құқы және отбасы//Қазақстан Заман газеті. Алматы. - 7-8 бб.
- [7] Құран Кәрім. (1991). Қазақша мағына және түсінігі. Медине. 604 б.
- [8] Шәмші Жұмамұрат. (2011). «Қабырғаға» қалай қарсы шығарсын//Гендерлік саясат: Бағымыз ба, сорымыз ба?// Нұрастана. Астана. 5-6 бб.
- [9] Соловьева Айгүл. (2011). Гендерлік саясат қазақтың болашағына қауіпті// Гендерлік саясат: Бағымыз ба, сорымыз ба?// Нұрастана. Астана. – 7-8 бб.
- [10] Умралиева Ж. (2013). Қазақстандағы гендерлік саясаттың дамуы// Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. Астана. -5-6 бб.
- [11] Сахих аль-Бухари. (2003). Хадисы. Бишкек. 2003. 860 с.
- [12] Сұлтанбаева Г. (2012). Әйел - бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербетеді// Нұрастана. Астана. 7 б.

УДК 316.35+314.6

Г.А.Шадинова, Р.Т. Джаппарова, Г.Ш. Яхияева

Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, г. Туркестан, Казахстан

СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ПРАВ ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ (СЕМЬЯ)

Аннотация. В этой статье рассматриваются социальные аспекты прав женщин в Казахстане, потому что вклад женщин очень важен для роста Казахстана, внедрения демократических традиций, формирования каждой культуры мира. Женщины напрямую влияют на потомство и рост страны. Даже суверенитет страны и институт независимости Казахстана со всех сторон зависят от активности женщин. Моральные качества каждого человека начинаются с матери, а точнее, с методов воспитания женщины. Здесь были рассмотрены запросы о традиционном поведении женщин в контексте современной демократии, рынка и информационного пространства или как сохранить в новой ситуации привлекательность оперативных действий. На протяжении веков традиционное поведение в семье проявлялось с точки зрения мужчин, взрослых и воспитания детей. Эти нормы стали универсальными для всего человечества. Теперь значение этих образцов воспринимается по-разному. Самостоятельные действия женщин, то есть гражданская и профессиональная карьера ориентирована на фундаментальную задачу. Она становится ведущей силой как для мужчин, так и для женщин, повышается на профессиональной компетентности, в направлении партнерских отношений и улучшается доверие к себе в торговле.

Ключевые слова: женщина, работа, независимость, общество, Казахстан, профессиональная карьера.

UDC 316.35+314.6

G.A. Shadinova, R.T. Dzhapparova, G.SH. Yakhiyayeva

International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi, Turkestan, Kazakhstan

SOCIAL TERMINATION OF FAMILY MUNICIPAL IN KAZAKHSTAN (FAMILY)

Abstract: This article examines the social aspects of women's rights in Kazakhstan. Because the contribution of women is very important for the growth of Kazakhstan, the introduction of democratic traditions, the formation of every culture of the world. Women directly affect to the progeny and growth of the country. Even the sovereignty of the country and the institution of independence of Kazakhstan depend on women's activity on all sides. The moral qualities of each person begin with the mother, or rather, with women's methods of educating. Here, we examined requests for traditional women's behavior in the context of modern democracy, the market and the information space, or how to preserve the attractiveness of operational activities in a new situation. For centuries, traditional behavior in the family has been manifested in terms of men, adults and parenting. These norms have become universal for all mankind. Now the meaning of these samples is perceived in different ways. The independent actions of women, that is, a civil and professional career, are oriented toward a fundamental task. It becomes a leading force for both men and women, rises on professional competence, towards partnerships and improves self-confidence in trade.

Keywords: Woman, work, independence, society, Kazakhstan, professional career.

Сведения об авторах:

Шадинова Гульзира Абиласановна – кандидат философских наук, доцент кафедры «Общественные науки и журналистики» Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясави;

Джаппарова Раушан Турганалиевна - кандидат социологических наук, доцент кафедры «Общественные науки и журналистики» Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясави;

Яхияева Гульмира Шариповна – старший преподаватель кафедры «Общеакадемическая кафедра английского языка» Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясави.

CONTENTS

Chemistry

(in English)

- Lomolino G., Alibekov R.S., Urazbayeva K.A., Zampieri A., Bottin R., Vegro M., Crapisi A.* Study of foams obtained from *SOLANUM TUBEROSUM* protein extract: protein, gas and polysaccharide interaction..... 5

Technical sciences

(in English)

- Genbach A.A., Bondartsev D.Yu.* Generation of steam on solid surface in separate cell of porous structure 14
- Metaxa G.P., Metaxa A.S.* Double solar eclipse - forecast and reality..... 21

Earth science

(in English)

- Ismailova A.A.* The ways of output from the humus coal of preparations for various purposes..... 26

Physics

(in English)

- Saymbetov A.K., Nurgaliyev M.K., Kuttybay N.B., Nalibayev Ye.D., Dosymbetova G.B., Svanbayev Ye.A., Tulkibaiuly Ye., Gylymzhanova M.M.* Development and calculation of parameters of the laboratory layout of the mobile photovoltaic station..... 31

Medicine

(in English)

- Lokshin V.N., Khoroshilova I.G., Kuandykov E.U.* Personified approach to genetic screening of infertility couples in ART programs (literature review)..... 37

Social Sciences

(in English)

- Kushzhanov N.V., Aliyev U. Zh.* Digitalization of economics in EAEU..... 42
- Omarkhanova Zh.M., Mukhambetova Z.S., Mataeva B.T.* Economic efficiency of production of meat cattle breeding..... 48
- Shadinova G.A. P., Dzhabbarova R.T., Yakhiyayeva G.Sh.* Social termination of family municipal in kazakhstan (family)... 53
- Sembiyeva L.M., Bekbenbetova B.B., Beisenova L.Z.* The need for monetary policy coordination of the member states of the Eurasian Economic Union..... 60
- Zhumabekova G.Zh., Amanova G.D.* Organization of the internal control system in agricultural organizations..... 66
- Ibraimova S., Satymbekova K., Kerimbek G., Yesbolova A., Imanbaeva Z.* Strategies of small business development of the Republic of Kazakhstan during the crisis period..... 70
- Kaiyrbayeva A.E., Belgybaev K.M., Belgybaeva Zh.Zh.* Tendencies of consumption of meat and meat products by the population of Kazakhstan..... 80
- Mauina G.A., Nurpeisova A.A., Dyussembaeva L.K., Kurmanova D.S.* Development of mathematical models optimizing the process of creating innovation production..... 84
- Sabirova R.K., Mugauina R.U., Gaisina A.Zh.* Forming the poles of development in the innovative economy of the region (on the example of the Atyrau region) 88
- Tastanova Z., Torlanbayeva K.* Colonial Russia's policy towards Islam in Kazakhstan (based on the materials of the Orenburg State Archive)..... 91
- Uakhitzhanova A., Baidalinova A., Aimurzina B., Daribayeva A.* Financial support of the agro-industrial complex as a guarantee of food security of the Republic of Kazakhstan..... 97

Technical sciences

(in Russian)

- Genbach A.A., Bondartsev D.Yu.* Generation of steam on solid surface in separate cell of porous structure..... 108
- Metaxa G.P., Metaxa A.S.* Double solar eclipse - forecast and reality..... 115

Social Sciences

(in Kazakh)

- Shadinova G.A. P., Dzhabbarova R.T., Yakhiyayeva G.Sh.* Social termination of family municipal in kazakhstan (family)..... 120
- Bakirbekova A.M., Nurbayeva A.T., Makhatova N.L.* Competitiveness of Kazakhstan and application of foreign experience in development of innovative activities..... 128